



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814–6961 (Print)
ISSN: 2788–9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 713–723
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI: 03.20.00; 03.23.55
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_713-723

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 жж.)

Нұрмахан Айдынбекұлы Шынтаев¹, Гүльнар Толеугазиевна Мусабалина²,
Жомарт Токмырзаевич Джолдыбаев³

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(2-үй, Сәтбаев көшесі, 010008, Астана, Қазақстан Республикасы)
PhD докторант
<https://orcid.org/0009-0001-2700-4445>. E-mail: Shyntaev_97@mail.ru

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(2-үй, Сәтбаев көшесі, 010008, Астана, Қазақстан Республикасы)
т.ғ.д., профессор
<https://orcid.org/0000-0002-7576-9311>. E-mail: g.mussabalina@yandex.kz

³ М. Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(5-үй, Тәуке-Хан көш., 160012 Шымкент, Қазақстан Республикасы)
т.ғ.к., доцент
<https://orcid.org/0009-0007-1980-8914>. E-mail: jomartt67@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қалалардың дамуында жаңа үрдістер қалыптаса бастады, бұл әсіресе әлеуметтік және демографиялық көрсеткіштерден айқын байқалады. Соңғы онжылдықта урбанизация үдерісінің жеделдеуі ірі қалалардың құрылымы мен қызметіне тікелей ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, Шымкент қаласы посткеңестік кезеңдегі қалалық дамудың айқын көрінісі болып табылатын урбанистік орталықтардың бірі ретінде бағаланады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің негізгі мақсаты – 1991–2023 жылдар аралығында Шымкент қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінде орын алған өзгерістерді талдап, оларға әсер еткен әлеуметтік, демографиялық және урбанистік факторларды анықтау. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қалалық дамудың негізгі бағыттарын көрсету, көші-қон мен халық санының динамикасына қатысты ерекшеліктерді сипаттау, сондай-ақ тұрғындардың күнделікті тәжірибесіндегі өзгерістерді анықтау міндеттері белгіленді. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу деректері Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің (ТОМА) құжаттары, ресми статистикалық мәліметтер және ғылыми жарияланымдар негізінде жиналды. Жұмыс барысында тарихи-салыстырмалы талдау, статистикалық өңдеу, контент-талдау және пәнаралық әдістер қолданылды. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижелері қаланың дамуына бірқатар факторлардың ықпал еткенін көрсетеді. 1990 жылдары тұрғындардың бейімделу тәжірибелері мен бейресми экономикалық қызмет түрлері кеңінен таралған болса, кейінгі кезеңде әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы мен қалалық өмір салтының біртіндеп тұрақтануы көрініс

тапты. Халық санының өсуі табиғи өсім және көші-қон факторларының ықпалы нәтижесінде қалыптасты. *Қорытынды.* Шымкент қаласының посткеңестік кезеңдегі дамуын тұрғындардың күнделікті өміріндегі өзгерістер арқылы талдау, бейімделу мен трансформация үдерістерінің өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс қалалық дамуды микро деңгейде зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Шымкент, күнделікті өмір, урбанизация, көші-қон, әлеуметтік өзгерістер, посткеңестік кезең, демография.

Дәйексөз үшін: Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж. Шымкент қаласы тұрғындарының күнделікті өмірі: посткеңестік кезеңдегі әлеуметтік-демографиялық өзгерістер (1991–2023 жж) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 713–723-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_713-723

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ШЫМКЕНТА: СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ В ПОСТСОВЕТСКИЙ ПЕРИОД (1991–2023 гг.)

Нұрмахан Айдынбекұлы Шынтаев¹, Гүльнар Толеугазиевна Мусабалина²,
Жомарт Токмырзаевич Джолдыбаев³

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(д. 2, ул. Сатпаева, 010008, Астана, Республика Казахстан)
PhD докторант
<https://orcid.org/0009-0001-2700-4445>. E-mail: Shyntaev_97@mail.ru

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(д. 2, ул. Сатпаева, 010008, Астана, Республика Казахстан)
д.и.н., профессор
<https://orcid.org/0000-0002-7576-9311>. E-mail: g.mussabalina@yandex.kz

³Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова
(д. 5, ул. Тауке-хана), 160012 Шымкент, Республика Казахстан)
к.и.н., доцент
<https://orcid.org/0009-0007-1980-8914>. E-mail: jomartt67@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж., 2026

Аннотация. *Введение.* После обретения Казахстаном независимости в развитии городов стали формироваться новые тенденции, что особенно заметно по социальным и демографическим показателям. Ускорение процесса урбанизации за последнее десятилетие напрямую повлияло на структуру и деятельность крупных городов. С этой точки зрения город Шымкент оценивается как один из урбанистических центров, являющийся ярким проявлением городского развития в постсоветский период. *Цель и задачи.* Основная цель исследования-проанализировать изменения, произошедшие в повседневной жизни жителей города Шымкента в период с 1991 по 2023 год, и выявить социальные, демографические и урбанистические факторы, повлиявшие на них. Для реализации этой цели были обозначены задачи выделения основных направлений городского развития, описания особенностей, связанных с миграцией и динамикой численности населения, а также выявления изменений в повседневной практике населения. *Материалы и методы.* Данные исследования были собраны на основе документов Туркестанского областного государственного архива (ТОМА), официальных статистических данных и научных публикаций. В работе использовались историко-сравнительный анализ, статистическая обработка, контент-анализ и междисциплинарные методы. *Результаты.* Результаты исследования показывают, что развитию города способствовал ряд факторов. В то время как в 1990-е годы были широко распространены адаптационные практики и неформальные виды экономической деятельности населения, в более поздний период наблюдается постепенная стабилизация развития социальной инфраструктуры и городского образа жизни. Рост населения сложился в результате естественного прироста и влияния миграционных факторов. *Заключение.* Анализ развития города Шымкент в постсоветский период

через изменения в повседневной жизни населения, позволяет выявить взаимосвязь процессов адаптации и трансформации. Этот метод подчеркивает необходимость изучения городского развития на микроуровне.

Ключевые слова: Шымкент, повседневная жизнь, урбанизация, миграция, социальные изменения, постсоветский период, демография.

Для цитирования: Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Дзholdыбаев Ж. Повседневная жизнь городского населения Шымкента: социально-демографические трансформации в постсоветский период (1991–2023 гг.) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 713–723. [на каз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_713-723

EVERYDAY LIFE OF THE URBAN POPULATION OF SHYMKENT: SOCIO-DEMOGRAPHIC TRANSFORMATIONS IN THE POST-SOVIET PERIOD (1991–2023)

*Nurmakhan Aidynbekuly Shyntaev*¹, *Gulnar Toleugazievna Mussabalina*²,
*Zhomart Tokmyrzaevich Dzholdybaev*³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University (Satpayev St., 2, 010008, Astana, Kazakhstan)

PhD student

<https://orcid.org/0009-0001-2700-4445>. E-mail: Shyntaev_97@mail.ru

²L.N. Gumilyov Eurasian National University (Satpayev St., 2, 010008, Astana, Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Professor

<https://orcid.org/0000-0002-7576-9311>. E-mail: g.mussabalina@yandex.kz

³South Kazakhstan University named after M. Auezov

(House 5, Tauke-Khan str., 160012 Shymkent, Republic Of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

<https://orcid.org/0009-0007-1980-8914>. E-mail: jomartt67@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Shyntaev N.A., Mussabalina G. T., Dzholdybaev Zh., 2026

Abstract. Introduction. Following Kazakhstan's independence, new patterns of urban development began to emerge, which were particularly evident in social and demographic indicators. In recent decades, the acceleration of urbanization has had a direct impact on the structure and functions of large cities. In this regard, Shymkent can be considered one of the urban centers that clearly reflects the features of post-Soviet urban transformation. **Purpose and objectives.** The main aim of this study is to examine changes in the everyday life of Shymkent residents between 1991 and 2023 and to identify the social, demographic, and urban factors that influenced these processes. To achieve this, the study outlines the key directions of urban development, analyzes trends in migration and population dynamics, and explores changes in daily practices. **Materials and methods.** The research is based on archival documents from the Turkestan Regional State Archive (ТОМА), official statistical data, and academic publications. The study employs historical-comparative analysis, statistical methods, content analysis, and an interdisciplinary approach. **Results.** The findings indicate that several factors contributed to the city's development. In the 1990s, adaptation practices and informal economic activities were widespread among the population. In later periods, the development of social infrastructure and the gradual stabilization of urban lifestyles became more noticeable. Population growth was shaped by both natural increase and migration processes. **Conclusion.** The analysis of Shymkent's post-Soviet development through changes in everyday life allows for a better understanding of the relationship between adaptation and transformation processes. This approach highlights the importance of studying urban development at the micro level.

Keywords: Shymkent, everyday life, urbanization, migration, social change, post-Soviet period, demography.

For citation: Shyntaev N.A., Musabalina G.T., Zholdybaev Zh. Everyday Life of the Urban Population of Shymkent: Socio-Demographic Transformations in the Post-Soviet Period (1991–2023) // Отан Тарихы. 2026. Vol. 29. No. 2. Pp. 713–723. [In Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_713-723

Кіріспе. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салада ауқымды өзгерістер жүзеге асты. Аталған өзгерістер қалалардың даму бағытын өзгертіп, олардың құрылымы мен қызметінде жаңа сипаттардың қалыптасуына алып келді. Осындай үдерістер аясында Шымкент қаласы урбанизация, көші-қон және әлеуметтік өзгерістердің шоғырланған кеңістігі ретінде ерекшеленеді.

1991 жылдан кейін қала халқының саны айтарлықтай өсті. Ішкі көші-қонның күшеюі және нарықтық қатынастардың орнығуы қалалық ортаның өзгеруіне әсер етті. Осының нәтижесінде тұрғындардың өмір сүру тәсілдері, әлеуметтік байланыстары мен күнделікті әрекеттерінде елеулі өзгерістер байқалды.

Соңғы жылдары бұл мәселелер ғылыми әдебиеттерде жиі қарастырылып келеді. Соған қарамастан, қалалық тұрғындардың күнделікті өмірін микро деңгейде талдауға арналған еңбектер жеткіліксіз. Әсіресе Шымкент қаласы мысалында тұрғындардың бейімделу тәсілдері, әлеуметтік тәжірибелері мен мінез-құлқын нақты деректер негізінде жүйелі түрде қарастыру қажеттілігі сақталып отыр. Бұл мәселе әлеуметтік тарих, тарихи антропология және урбанистика бағыттарының тоғысында зерттеуді талап етеді.

Зерттеудің өзектілігі бірнеше факторлармен байланысты. Біріншіден, посткеңестік кезеңдегі қалалардың дамуын талдау қоғамдағы өзгерістердің мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, Шымкент қаласында халық санының өсуі мен көші-қон қозғалысының күшеюі тұрғындардың күнделікті өмір құрылымына әсер етіп, жаңа әлеуметтік тәжірибелердің қалыптасуына негіз болды. Үшіншіден, архивтік материалдарды пайдалану бұл өзгерістерді нақты тарихи деректер арқылы талдауға жағдай жасайды.

Зерттеудің мақсаты – 1991–2023 жылдар аралығында Шымкент қаласы тұрғындарының күнделікті өміріндегі өзгерістерді қарастыру және урбанизация мен көші-қон үдерістерінің әлеуметтік ортаға ықпалын анықтау.

Зерттеуде Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің (ТОМА) материалдары, ресми статистикалық мәліметтер және ғылыми жарияланымдар пайдаланылды. Архив құжаттары қалалық басқару, тұрғын үй саясаты, әлеуметтік қамтамасыз ету және инфрақұрылым мәселелеріне қатысты деректерді қамтиды.

Жұмыс барысында тарихи-салыстырмалы талдау, статистикалық өңдеу және контент-талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар әлеуметтік тарих пен тарихи антропология тәсілдері тұрғындардың күнделікті өмірін қарастыруға мүмкіндік берді.

Осы зерттеу Шымкент қаласының посткеңестік кезеңдегі әлеуметтік-демографиялық дамуын тұрғындардың күнделікті тәжірибелерімен байланыстыра талдауға бағытталған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуде архив құжаттары, ресми статистикалық мәліметтер және ғылыми жарияланымдар пайдаланылды. Негізгі дереккөздердің бірі – Түркістан облыстық мемлекеттік архивінің (ТОМА) материалдары. Архив қорларында қалалық басқару, әлеуметтік саясат, тұрғын үй қатынастары, көші-қон және инфрақұрылым мәселелеріне қатысты құжаттар сақталған. Аталған материалдар Шымкент қаласының посткеңестік кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, халық санағы материалдары және көші-қон көрсеткіштері қолданылды. Бұл деректер халық санының өзгерісін, көші-қон қозғалысын және этнодемографиялық құрылымдағы өзгерістерді талдау үшін пайдаланылды.

Жұмыста урбанизация, демографиялық даму, әлеуметтік бейімделу және көші-қон мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер де қарастырылды. Олар зерттеу мәселесін кеңірек тарихи және әлеуметтік контексте түсіндіруге негіз болды.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау, статистикалық өңдеу және контент-талдау әдістері қолданылды. Тарихи талдау қала дамуының негізгі кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берсе, статистикалық әдістер демографиялық көрсеткіштерді саралауға пайдаланылды. Контент-талдау архив құжаттары мен ресми материалдардағы мәліметтерді жүйелеуге көмектесті.

Сонымен қатар, әлеуметтік тарих пен қалалық антропология тәсілдері тұрғындардың күнделікті өміріндегі өзгерістерді, бейімделу тәжірибелері мен әлеуметтік қатынастарды қарастыруда қолданылды.

Талқылау. Шымкент қаласының посткеңестік кезеңдегі дамуы, урбанизацияның қарқыны және тұрғындардың күнделікті өміріндегі өзгерістер ғылыми әдебиеттерде әртүрлі қырынан

зерттелген. Бұл мәселелер урбанизация, көші-қон, демографиялық өзгерістер аясында қарастырылады. Сонымен бірге архив материалдары осы өзгерістердің нақты мазмұнын ашуға және оларды деректік тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Шымкент қаласының өсу қарқынын түсіндіруде урбанизация факторлары маңызды орын алады. Sapakova мен Paizolla зерттеуінде қала халқының артуы, ішкі көші-қонның күшеюі және инфрақұрылымдағы өзгерістер негізгі себептер ретінде көрсетілген [Sapakova, Paizolla, 2021: 335]. Авторлар урбанизация тек халық санының өсуімен шектелмей, тұрғындардың өмір сүру жағдайына да әсер ететінін атап өтеді. Бұл тұжырым архив материалдарындағы деректермен де расталады. Атап айтқанда, 1990-жылдардың басындағы қалалық басқару мен тұрғын үй саясатына қатысты шешімдер қаланың кеңеюі мен құрылымдық өзгерістерін нақты көрсетеді [ТОМА. 709-қ., 20-т., 15-бума, 131-іс. 3-п.].

Қалалық ортаның өзгеруі мен өмір сапасына қатысты мәселелер басқа еңбектерде де талданған. Қазақстанның ірі қалалары бойынша жүргізілген зерттеулерде инфрақұрылымның жай-күйі, экологиялық жағдай және қалалық кеңістіктің ұйымдастырылуы тұрғындардың күнделікті өміріне ықпал ететін негізгі факторлар ретінде қарастырылады. Бұл тұжырымдар архив материалдарындағы тұрғын үймен қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту және көші-қонды реттеуге қатысты деректермен де сәйкес келеді [ТОМА. 1454-қ., 1-т., 22-бума, 180-іс, 5–7-пп.].

Көші-қон мен демографиялық өзгерістер де зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Қапбарова және әріптестері еңбегінде 1991–2011 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі халық санының өсуі мен ішкі көші-қон үдерістерінің урбанизацияға тікелей ықпал еткені көрсетіледі. Әсіресе ауылдық жерлерден Шымкент қаласына қоныс аудару көлемінің артуы қалалық демографиялық құрылымның өзгеруіне әсер еткен [Қапбарова және басқалар, 2024: 379–380]. Демографиялық зерттеулерде халық санының өсуі табиғи өсім мен көші-қон факторларының өзара ықпалымен түсіндіріледі. Бұл тұжырымдар архив құжаттарындағы көші-қонды реттеу және тұрғын үй саясатына қатысты материалдармен де нақтыланады [ТОМА. 1454-қ., 1-т., 22-бума, 180-іс, 4–6-пп.].

Соңғы жылдары жарияланған зерттеулердің ішінде Kuanbay және әріптестерінің еңбегі назар аудартады [Kuanbay және басқалар, 2025: 108–118]. Зерттеуде Қазақстандағы демографиялық үдерістер мен халық саны динамикасы кешенді түрде қарастырылып, өңірлік айырмашылықтарға талдау жасалған. Авторлар оңтүстік өңірлерде халық санының өсу қарқыны жоғары болғанын атап өтеді. Бұл үрдістер Шымкент қаласының демографиялық дамуын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Савин еңбектерінде Оңтүстік Қазақстандағы этнодемографиялық жағдай мен әлеуметтік байланыстар жүйесіне назар аударылған [Савин, 2015: 112–118]. Зерттеуде урбанизация жағдайында дәстүрлі байланыстардың толық жойылмай, жаңа қалалық ортаға бейімделетіні көрсетіледі. Бұл пікір тұрғындардың күнделікті өміріндегі бейімделу тәжірибелерін түсіндіруде маңызды.

Әлеуметтік бейімделу мен тілдік орта мәселелері Boranbayev және әріптестерінің еңбектерінде қарастырылған [Boranbayev және басқалар, 2025: 52–58]. Зерттеу нәтижелері қалалық кеңістікте қазақ тілінің қолданысы кеңейгенін, сонымен қатар көптілділік сақталғанын көрсетеді. Бұл жағдай Шымкент қаласының көпэтносты құрылымында әлеуметтік өзара әрекеттесудің маңызды элементі ретінде көрінеді.

Посткеңестік кеңістіктегі қалаларды салыстырмалы тұрғыдан қарастырған еңбектер де назар аударарлық. Алматы мен Бішкек қалалары бойынша жүргізілген зерттеулерде урбанизацияның ортақ белгілері анықталған. Атап айтқанда, қала шетінің кеңеюі, тұрғын үй қатынастарының өзгеруі және бейресми құрылыс үдерістері Шымкент қаласына да тән.

Антропологиялық зерттеулерде бейресми экономика мәселесіне ерекше назар аударылады. 1990-жылдары базар саудасы мен шағын кәсіпкерлік тұрғындардың бейімделу тетіктерінің біріне айналды. Экономикалық қиындықтар жағдайында бұл қызмет түрлері халықтың күнкөріс көздерінің қатарында болды. Мұндай құбылыстар архив материалдарында көрсетілген әлеуметтік-экономикалық жағдаймен де сәйкес келеді [ТОМА. 1454-қ., 1-т., 22-бума, 180-іс, 5–7-пп.].

Ғылыми әдебиеттер мен архивтік материалдарды қатар пайдалану Шымкент қаласының посткеңестік кезеңдегі дамуын кеңірек түсіндіруге жағдай жасайды. Сонымен бірге қолда бар зерттеулерде тұрғындардың күнделікті өмірі көбіне жанама түрде ғана қарастырылғаны байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған жұмыс аталған олқылықтың орнын толтыруға бағытталған.

Нәтижелер. Архив материалдары мен ғылыми зерттеулерді талдау Шымкент қаласының 1991–2023 жылдар аралығында қарқынды дамып, ірі урбанистік орталыққа айналғанын айқындайды. Қала халқының саны өсіп, әлеуметтік құрылымында өзгерістер орын алды, урбанизация қарқыны күшейді.

Қалалық кеңістіктегі өзгерістер, көші-қон қозғалысы, әлеуметтік инфрақұрылымның қалыптасуы және тұрғындардың күнделікті өміріндегі өзгерістер бір-бірімен тығыз байланыста дамыды.

Урбанизация тұрғысынан қарағанда, Шымкенттің өсуі тек халық санының артуымен шектелмейді. Қаланың аумағы кеңейіп, әлеуметтік құрылым күрделене түсті. Шеткі аудандардың ұлғаюы мен инфрақұрылымның біркелкі дамымауы тұрғындар арасындағы әлеуметтік айырмашылықтардың артуына алып келді.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде жүргізілген реформалар қалалық басқару жүйесіне де әсер етті. Архив құжаттары көші-қон, әлеуметтік қорғау және тұрғындарды орналастыру мәселелерімен айналысқан жаңа басқару құрылымдарының қалыптасқанын көрсетеді [ТОМА. 1454-к., 1-т., 18-бума, 144-іс, 12–14-пп.]. Бұл шаралар әлеуметтік инфрақұрылымды ұйымдастыруға және тұрғындардың күнделікті өміріне ықпал етті.

Сонымен қатар, 1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басындағы әлеуметтік-экономикалық қиындықтар тұрғындардың бейімделу тәжірибелеріне әсер етті. Архив материалдарында тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мәселелерінің өзекті болғаны көрінеді [ТОМА. 1454-к., 1-т., 18-бума, 144-іс, 12–14-пп.]. Мұндай жағдайда бейресми экономикалық қызмет түрлері, соның ішінде базар саудасы мен шағын кәсіпкерлік кең таралды.

Бұл кезең ғылыми әдебиеттерде бейімделу уақыты ретінде сипатталады. Бейресми экономика тұрғындардың күнкөрісінің маңызды бөлігіне айналғаны атап өтіледі. Сонымен бірге әлеуметтік байланыстар – туыстық қатынастар, көршілік және бейресми желілер – жаңа жағдайға бейімделуде маңызды рөл атқарды [Савин, 2015: 118–124].

Урбанизация үдерісі тұрғын үй қатынастары саласында да айқын байқалды. 1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басында тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету және жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін бөлу шаралары жүзеге асырылды [ТОМА. 1454-к., 1-т., 5-бума, 39-іс, 19–21-пп.]. Сонымен қатар, оралмандарды қабылдау және орналастыру мақсатында тұрғын үй салуға арналған жер телімдері бөлініп, әлеуметтік қолдау тетіктері қарастырылды. Бұл шаралар қаланың аумақтық кеңеюіне әсер етті.

Қаланың демографиялық дамуы көші-қон қозғалысымен тығыз байланысты болды. Ауылдық аймақтардан келушілер саны артты, сондай-ақ этникалық қазақтарды қабылдау және орналастыру шаралары жүргізілді [ТОМА. 1454-к., 1-т., 5-бума, 39-іс, 19–21-пп.]. Нәтижесінде Шымкент көші-қон бағыттарының маңызды орталықтарының біріне айналды.

Кесте 1. Оңтүстік Қазақстан облысы халық санының динамикасы (1991–2018 жж.). [Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы](https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/) мәліметтері негізінде автор құрастырған <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/>

Жыл	Оңтүстік Қазақстан облысы	Демографиялық өсім
1991	1 864 033	—
1992	1 889 332	+25 299
1993	1 912 716	+23 384
1994	1 932 680	+19 964
1995	1 940 669	+7 989
1996	1 953 521	+12 852
1997	1 969 417	+15 896
1998	1 966 411	–3 006
1999	1 975 553	+9 142
2000	2 005 023	+29 470
2001	2 051 351	+46 328
2002	2 079 506	+28 155
2003	2 111 893	+32 387

2004	2 150 256	+38 363
2005	2 193 556	+43 300
2006	2 233 568	+40 012
2007	2 282 474	+48 906
2008	2 331 505	+49 031
2009	2 460 384	+128 879
2010	2 509 174	+48 790
2011	2 565 187	+56 013
2012	2 619 050	+53 863
2013	2 676 322	+57 272
2014	2 730 627	+54 305
2015	2 785 475	+54 848
2016	2 838 419	+52 944
2017	2 876 164	+37 745
2018	2 926 710	+50 546

Ескерту: 2018 жылға дейін өңір Оңтүстік Қазақстан облысы атауымен берілді, облыс орталығы Шымкент қаласы болды.

Кесте 2. Түркістан облысы мен Шымкент қаласы халқы санының динамикасы (2019–2025 жж.). Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы мәліметтері негізінде автор құрастырған. <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/>

Жыл	Түркістан облысы	Демографиялық өсім	Шымкент қаласы	Демографиялық өсім
2019	1 981 741	+7 005	1 008 894	+56 920
2020	2 013 751	+32 010	1 037 924	+29 030
2021	2 042 445	+28 694	1 074 221	+36 297
2022	2 088 510	+46 065	1 162 308	+88 087
2023	2 119 224	+30 714	1 192 199	+29 891
2024	2 142 171	+22 947	1 222 066	+29 867
2025	2 154 041	+11 870	1 256 164	+34 098

Ескерту: 2018 жылы әкімшілік-аумақтық реформа нәтижесінде Түркістан облысы құрылып, Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала мәртебесін алды.

Кесте мәліметтері Шымкент қаласы мен Түркістан облысында тәуелсіздік жылдарында халық санының тұрақты өсу үрдісі қалыптасқанын көрсетеді. 1991–1999 жылдар аралығында демографиялық өсім баяу сипатта болғанымен, халық санының кемуі байқалмайды. Бұл кезең посткеңестік экономикалық дағдарыс жағдайымен сәйкес келеді. Соған қарамастан, оңтүстік өңірлерде табиғи өсімнің сақталуы халық санының жалпы тұрақтылығына ықпал етті.

1999–2009 жылдар аралығында Шымкент қаласы халқының саны айтарлықтай артты. Бұл үдеріс урбанизация қарқынының күшеюімен, ішкі көші-қон көлемінің ұлғаюымен және ауыл тұрғындарының қалаға қоныс аударуымен байланысты болды. Нәтижесінде қала халқының саны 305 803 адамға артты. Өңірде демографиялық өсім сақталғанымен, урбанизация үдерісі Шымкент қаласында қарқындырақ жүрді.

2010 жылдан кейін Шымкент қаласында тұрақты демографиялық өсім қалыптасты. Әсіресе 2018–2022 жылдар аралығында халық санының арту қарқыны жоғары болды. 2022 жылы демографиялық өсім +88 087 адамды құрап, зерттеліп отырған кезеңдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі тіркелді. Бұл жағдай табиғи өсімнің жоғары деңгейімен қатар, көші-қон үдерістерінің белсенділігімен де түсіндіріледі.

Түркістан облысында да халық санының өсуі жалғасқанымен, өсім қарқыны Шымкент қаласымен салыстырғанда біршама төмен болды. Облыстағы демографиялық өсім негізінен табиғи өсім есебінен қалыптасты. Сонымен қатар, өңір халқының бір бөлігінің Шымкент қаласына көшуі урбанизация үдерісінің күшейгенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, кесте мәліметтері Шымкент қаласының посткеңестік кезеңде ірі демографиялық және урбанистік орталыққа айналғанын көрсетеді. Халық санының өсуі табиғи өсім мен ішкі көші-қон үдерістерінің өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасты.

Kuanbay, Apendiev, Karbarova және Savin (2025) зерттеуінде 1990–2023 жылдар аралығындағы Қазақстанның демографиялық дамуы қарастырылған. Авторлар оңтүстік өңірлерде халық санының өсу қарқынының жоғары болғанын атап өтеді. Бұл үрдіс туу деңгейінің салыстырмалы тұрақтылығымен, ішкі көші-қон белсенділігімен және әлеуметтік факторлардың ықпалымен түсіндіріледі [Kuanbay және басқалар, 2025: 108–118; Қапбарова, 2024: 379–380; Савин, 2015: 112–118]. Аталған үрдістер Шымкент қаласының демографиялық даму ерекшеліктерінен де байқалады.

Кесте 3. Шымкент қаласындағы көші-қон және урбанизация үдерістерінің кезеңдері (1991–2025 жж.). ТОМА материалдары мен статистикалық мәліметтер негізінде автор құрастырған.

Кезең	Урбанизация және көші-қон үдерістерінің сипаттамасы
1991–1999 жж.	Экономикалық дағдарыс жағдайында көші-қон қозғалысының тұрақсыздануы және халық саны өсімінің баяулауы
2000–2010 жж.	Ауылдық аймақтардан қалаға бағытталған ішкі көші-қон көлемінің артуы және урбанизация қарқынының күшеюі
2010–2020 жж.	Халық санының тұрақты өсуі, этнодемографиялық құрылымдағы өзгерістер және қалалық кеңістіктің ұлғаюы
2020–2025 жж.	Агломерациялық дамудың күшеюі, инфрақұрылымдық кеңею және урбанизацияның жоғары қарқыны

Кесте мәліметтері Шымкент қаласы мен оған іргелес аумақтардағы демографиялық және көші-қон үдерістерінің кезеңдік сипатта дамығанын көрсетеді. 1991–1999 жылдар аралығында экономикалық дағдарыс, өндірістің құлдырауы және әлеуметтік тұрақсыздық халық қозғалысына тікелей әсер етті. Бұл кезеңде сыртқы көші-қон белсенділігі артып, халық саны өсімінің баяулауы байқалды.

2000–2010 жылдары урбанизация үдерісі күшейіп, ауылдық жерлерден қалаға бағытталған ішкі көші-қон көлемі артты. Соның нәтижесінде Шымкент қаласының демографиялық өсімі жеделдеп, қалалық инфрақұрылымға түсетін жүктеме көбейді. Сонымен қатар тұрғын үй құрылысы мен қаланың аумақтық кеңеюі қатар жүрді.

2010–2020 жылдар аралығында этникалық көші-қонның белсенділігі сақталып, этнодемографиялық құрылымда өзгерістер байқалды. Этникалық қазақтардың үлесі артып, көші-қон үдерістері қаланың әлеуметтік және мәдени кеңістігіне әсер етті.

2020–2025 жылдары Шымкент қаласының агломерациялық маңызы күшейіп, инфрақұрылымдық даму қарқыны артты. Қала маңындағы аумақтардың кеңеюі, тұрғын үй құрылысының өсуі және халық санының тұрақты артуы урбанизация үдерісінің жаңа кезеңге өткенін көрсетеді.

Посткеңестік кезеңдегі қалалық өзгерістерде әлеуметтік саясат пен халықтың тұрмыс деңгейі маңызды рөл атқарды. Архив материалдары әлеуметтік қолдау шараларының мазмұнын айқындап, мемлекеттік саясаттың тұрғындардың күнделікті өміріне ықпалын көрсетеді. 1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басында әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету, көші-қон мәселелерін реттеу және әлеуметтік бейімдеу бағытындағы шаралар жүзеге асырылды [ТОМА. 1454-қ., 1-т. 18-бума, 144-іс, 12–14-пп.]. Бұл шаралар халықтың әлеуметтік жағдайын тұрақтандыруға бағытталды.

Әлеуметтік саясаттың демографиялық үдерістерге ықпалы кейінгі зерттеулерде де қарастырылады. Kuanbay және әріптестері еңбегінде әлеуметтік-экономикалық және құқықтық факторлардың халық саны динамикасына әсері талданған. Авторлар мемлекеттік қолдау шаралары мен әлеуметтік төлемдердің туу көрсеткіштерінің тұрақтылығына ықпал еткенін атап өтеді [Kuanbay және басқалар, 2025: 108–118; Қапбарова, 2024: 379–380; Савин, 2015: 112–118]. Қалалық инфрақұрылымның дамуы урбанизация үдерісінің маңызды бағыттарының бірі болды. Архив материалдары қаланы абаттандыру, коммуналдық жүйелерді жаңарту және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жұмыстарының кезең-кезеңімен жүргізілгенін көрсетеді [ТОМА. 1454-қ., 1-т. 18-бума, 144-іс, 12–14-пп.]. Сумен және жылумен қамтамасыз ету желілерін жетілдіру, қоғамдық кеңістіктерді ұйымдастыру және санитарлық жағдайды жақсарту тұрғындардың өмір сүру жағдайына

ықпал етті. Сонымен қатар, қалалық ортадағы әлеуметтік тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселелеріне де назар аударылды.

Тұрғындардың күнделікті өмірі посткеңестік кезеңде біркелкі сипатта дамыған жоқ. 1990-жылдары экономикалық дағдарыс жағдайында бейресми экономика, базар саудасы және шағын кәсіпкерлік тұрғындардың негізгі күнкөріс көздерінің біріне айналды. Ал 2000-жылдардан бастап қызмет көрсету саласының кеңеюі, шағын және орта бизнестің дамуы және әлеуметтік-экономикалық ахуалдың біртіндеп тұрақтануы көрініс тапты. Бұл өзгерістер қалалық өмір салтының қалыптасуына әсер етті.

Антропологиялық және әлеуметтік-демографиялық зерттеулер аталған үдерістердің әлеуметтік қырларын түсіндіруге мүмкіндік береді. Савин еңбектерінде дәстүрлі әлеуметтік байланыстардың қалалық ортада сақталып, жаңа жағдайға бейімделгені қарастырылады [Савин, 2015: 118–124]. Сонымен қатар, Козина зерттеуінде урбанизация жағдайындағы әлеуметтік бейімделу, еңбек нарығындағы өзгерістер және әлеуметтік стратификация мәселелері талданған [Козина, 2025: 81–101]. Бұл еңбектер бейресми әлеуметтік байланыстардың тұрғындардың күнделікті тәжірибесінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Шымкент қаласының этностық құрылымында да өзгерістер байқалды. Бұл үдерістер ішкі көші-қонның күшеюімен және этникалық қазақтардың қоныс аударуымен байланысты болды. Демографиялық зерттеулер урбанизация жағдайында этнодемографиялық құрамдағы өзгерістердің әлеуметтік құрылымға да ықпал ететінін көрсетеді [Козина, 2025: 81–101].

Кесте 4. Шымкент қаласы халқының этникалық құрамындағы өзгерістер (1999–2021 жж.). Деректер 1999 және 2021 жылдардағы халық санағы материалдары негізінде берілді.

Этностық топтар	1999 ж. (%)	2021 ж. (%)
Қазақтар	56,4	78,1
Өзбектер	17,5	13,8
Орыстар	15,2	3,9

Кесте мәліметтері Шымкент қаласының этнодемографиялық құрылымында өзгерістер болғанын көрсетеді. Зерттеліп отырған кезеңде қазақ халқының үлесі артқан. Сонымен қатар, қала көпэтносты сипатын сақтап қалды. Көптілділік қалалық ортадағы әлеуметтік қатынастардың маңызды ерекшеліктерінің бірі болып қала берді. Тілдік саясатқа арналған зерттеулерде қазақ тілінің қоғамдық кеңістіктегі рөлінің күшейгені атап өтіледі, сонымен бірге орыс тілі де қарым-қатынас құралы ретінде қолданысын сақтаған [Воранбаев және басқалар, 2025: 52–58].

Шымкент қаласының демографиялық дамуы мен әлеуметтік өзгерістері өзара байланысты үдерістер ретінде көрінеді. Демографиялық зерттеулерде халық санының өсуі табиғи өсім мен көші-қон үдерістерінің қатар жүруімен түсіндіріледі, Савин еңбектерінде әлеуметтік байланыстар жүйесінің қалалық ортаға бейімделудегі маңызы қарастырылады [Савин, 2015: 118–124]. Бұл тұжырымдар архив материалдарындағы деректермен де сәйкес келеді. Архив құжаттарында 1990-жылдары көші-қонды реттеу, тұрғындарды әлеуметтік бейімдеу және тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерінің өзекті болғаны көрсетілген [ТОМА. 1454-қ., 1-т., 5-бума, 39-іс, 19–21-пп.].

Қазақстан бойынша жүргізілген демографиялық зерттеулер де ұқсас үдерістердің жалпыұлттық деңгейде байқалғанын көрсетеді. Қуанбау және әріптестері еңбегінде табиғи өсімнің жоғары деңгейі, туу көрсеткіштерінің салыстырмалы тұрақтылығы және көші-қон белсенділігі, әсіресе оңтүстік өңірлерде, халық санының артуына ықпал еткені атап өтіледі [Қуанбау және басқалар, 2025: 108–118]. Бұл үрдістер Шымкент қаласының демографиялық даму ерекшеліктерінен де көрінеді. Сонымен қатар, өмір сүру ұзақтығы мен нәресте өлімі көрсеткіштері әлеуметтік жағдайды сипаттайтын маңызды демографиялық индикаторлар ретінде қарастырылады.

Жүргізілген талдау Шымкент қаласының посткеңестік кезеңдегі дамуы бірнеше өзара байланысты факторлардың ықпалымен қалыптасқанын көрсетеді. Олардың қатарында урбанизация үдерісінің күшеюі, көші-қон қозғалысының артуы, этнодемографиялық құрылымдағы өзгерістер, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы және тұрғындардың бейімделу тәжірибелері бар. Бұл үдерістер тұрғындардың күнделікті өмірінде әлеуметтік және экономикалық қатынастардың өзгеруіне әсер етті. Сонымен қатар, қалалық өмір салтының біртіндеп тұрақтануы байқалды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу 1991–2023 жылдар аралығында Шымкент қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінде елеулі әлеуметтік және демографиялық өзгерістер болғанын көрсетеді. Посткеңестік кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік өзгерістер қалалық ортаның дамуына, халық санының өсуіне және тұрғындардың өмір салтына ықпал етті.

Архив материалдары мен ғылыми зерттеулер қалалық дамудың көші-қон үдерістерімен, урбанизациямен және әлеуметтік бейімделумен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында басқару жүйесі мен әлеуметтік инфрақұрылымда өзгерістер жүрді. Сонымен қатар, тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдау және көші-қонды реттеу мәселелері өзекті бағыттардың біріне айналды [ТОМА. 1454-қ., 1-т., 18-бума, 144-іс, 12–14-пп.].

1990 жылдардағы экономикалық қиындықтар тұрғындардың күнделікті өміріне әсер етті. Осы кезеңде бейресми экономика, базар саудасы және шағын кәсіпкерлік кең таралды. Бұл құбылыстар халықтың жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімделу тәсілдерінің бірі болды.

Көші-қон қозғалысы Шымкент қаласының демографиялық құрылымына елеулі ықпал етті. Ауылдық аймақтардан қалаға қоныс аудару және этникалық қазақтардың келуі халық санының артуына әсер етті. Сонымен бірге қаланың этностық құрылымында өзгерістер байқалып, қазақ халқының үлесі өсті. Соған қарамастан, қала көпэтносты сипатын сақтап қалды.

Қаланың мәдени және қоғамдық кеңістігінде де өзгерістер байқалды. Қоғамдық орындардың көбеюі, мәдени іс-шаралардың ұйымдастырылуы және қалалық ортаның жаңаруы тұрғындардың күнделікті тәжірибесіне әсер етті. Бұл үдерістер қалалық ортадағы әлеуметтік қатынастардың өзгеруімен қатар жүрді.

Сонымен қатар, әлеуметтік байланыстар жүйесі де жаңа жағдайға бейімделді. Туыстық, көршілік және бейресми қатынастар тұрғындардың күнделікті өмірінде маңызды рөл сақтап қалды. Олар әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі болды.

Жалпы алғанда, Шымкент қаласының тұрғындары посткеңестік кезеңде жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделді. Урбанизация, көші-қон және әлеуметтік өзгерістер қалалық өмір салтының қалыптасуына әсер етті.

Зерттеу нәтижелері қалалық дамуды тұрғындардың күнделікті өмірі арқылы қарастырудың маңызын көрсетеді. Бұл бағыт Қазақстандағы урбанизация және әлеуметтік тарих мәселелерін зерттеуде маңызды орын алады.

Болашақта урбанизация, көші-қон және әлеуметтік өзгерістерді жекелеген әлеуметтік топтар деңгейінде қарастыру зерттеу аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Дереккөздер

ТОМА – Түркістан облыстық мемлекеттік архиві.

Әдебиеттер

Байтанаев, 2017 – *Байтанаев Б.* Шымкент: тарихи-археологиялық зерттеулер. Алматы, 2017. 248 б.

Boranbayev және басқалар, 2025 – *Boranbayev S.R., Junusbayev S.M., Kapbarova G.Sh., Savin I.S.* Regional language policy in Kazakhstan: case of Turkestan region // *Vostok (Orient)*. 2025. № 1. 52–58-бб. DOI: 10.31696/S086919080033776-0.

Демидова, Макушин, 2025 – *Демидова К.В., Макушин М.А.* Постсоветские преобразования городского пространства в Казахстане и Кыргызстане (на примере Алматы и Бишкека) // *Географический бюллетень*. 2025. № 2(73). С. 31–43. DOI: 10.17072/2079-7877-2025-2-31-43.

Ешпанова, Айтов, 2010 – *Ешпанова Д.Д., Айтов Н.А.* Социальная адаптация молодежи в условиях транзитного общества. Алматы, 2010. 214 с.

Капбарова, 2024 – *Капбарова Г.Ш., Гюндогду А., Шашаева Г.К.* Оңтүстік Қазақстан облысындағы көші-қон үдерістерінің динамикасы (1991–2023 жж) // *Отан тарихы*. 2024. Т. 27. No 2. 376-388-бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_2_376-388

Козина және басқалар, 2025 – *Козина В., Баймагамбетова А., Уалтаева А.* Социально-демографическое развитие городов Центрального Казахстана (1999–2021) // *Gumilyov Journal of History*. 2025. Т. 151. № 2. С. 81–101. DOI: 10.32523/3080-129X-2025-151-2-81-101.

Колдобская, Джумагулова, 2025 – *Колдобская Н.А., Джумагулова А.Е.* Оценка качества городской среды в крупных городах Казахстана: социально-экологические аспекты // *Geographical Environment and Living Systems*. 2025. № 3. С. 101–119.

Кuanbay және басқалар, 2025 – *Kuanbay O., Apendiev T., Kapbarova G., Savin I.* Demographic Trends and Population Dynamics of Kazakhstan: 1990–2023 // *Vostok. Afro-Aziatskie obshchestva: istoriia i sovremennost.* 2025. № 6. С. 108–118.

История Шымкента, 2018 – *История Шымкента: с древнейших времен до наших дней* / под ред. Б. Байтанаева. Алматы, 2018. 520 с.

Sapakova, Paizolla, 2021 – *Sapakova S., Paizolla A.* Simulation of urbanization process of Shymkent city // *Вестник КазГАСА.* 2021. № 1(79). С. 332–340. DOI: 10.51488/1680-080X/2021.1-43.

Савин, 2015 – *Савин И.С.* Этнополитическая ситуация в Южном Казахстане: опыт этносоциологического мониторинга. Алматы, 2015. 124 с.

Sources

ТОМА –Türkistan oblystyq memleketтік arhivі [Turkestan Regional State Archive].

References

Baitanaev, 2017 – *Baitanaev B.* Shymkent: tarihi-arheologiyalyk zertteuler [Shymkent: Historical and archaeological studies]. Алматы, 2017. 248 p. [in Kaz.].

Boranbayev et al., 2025 – *Boranbayev S.R., Junusbayev S.M., Kapbarova G.Sh., Savin I.S.* Regional language policy in Kazakhstan: case of Turkestan region. *Vostok [Oriens]*. 2025. No. 1. Pp. 52–58. DOI: 10.31696/S086919080033776-0. [in Eng.].

Demidova, Makushin, 2025 – *Demidova K.V., Makushin M.A.* Postsovetskie preobrazovaniya gorodskogo prostranstva v Kazakhstane i Kyrgyzstane (na primere Almaty i Bishkeka) [Post-Soviet transformations of urban space in Kazakhstan and Kyrgyzstan (case studies of Almaty and Bishkek)]. *Geograficheskii byulleten'*. 2025. No. 2(73). Pp. 31–43. DOI: 10.17072/2079-7877-2025-2-31-43. [in Russ.].

Eshpanova, Aitov, 2010 – *Eshpanova D.D., Aitov N.A.* Sotsial'naya adaptatsiya molodezhi v usloviyakh tranzitnogo obshchestva [Social adaptation of youth in transitional society]. Алматы, 2010. 214 p. [in Russ.].

Kapbarova, 2024 – *Kapbarova G.Sh.* Ontustik Kazakhstan oblysyndagy koshi-kon uderisterinin dinamikasy (1991–2023 zhzh.) [Dynamics of migration processes in South Kazakhstan region (1991–2023)]. *Otan tarihy*. 2024. Т. 27. No 2. 376–388-66. DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_2_376-388 [in Kaz.].

Kozina et al., 2025 – *Kozina V., Baimagambetova A., Ualtayeva A.* Sotsial'no-demograficheskoe razvitie gorodov Tsentral'nogo Kazakhstana (1999–2021) [Socio-demographic development of cities in Central Kazakhstan (1999–2021)]. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol. 151. No. 2. Pp. 81–101. DOI: 10.32523/3080-129X-2025-151-2-81-101. [in Russ.].

Koldobskaya, Dzhumagulova, 2025 – *Koldobskaya N.A., Dzhumagulova A.E.* Otsenka kachestva gorodskoi sredy v krupnykh gorodakh Kazakhstana: sotsial'no-ekologicheskie aspekty [Assessment of urban environment quality in large cities of Kazakhstan: socio-ecological aspects]. *Geographical Environment and Living Systems*. 2025. No. 3. Pp. 101–119. [in Russ.].

Kuanbay et al., 2025 – *Kuanbay O., Apendiev T., Kapbarova G., Savin I.* Demographic Trends and Population Dynamics of Kazakhstan: 1990–2023. *Vostok. Afro-Aziatskie obshchestva: istoriia i sovremennost.* 2025. No. 6. Pp. 108–118. [in Eng.].

History of Shymkent, 2018 – *Istoriya Shymkenta: s drevneishikh времен do nashikh dnei* [History of Shymkent from ancient times to the present]. ed. by B. Baitanaev. Алматы, 2018. 520 p. [in Russ.].

Sapakova, Paizolla, 2021 – *Sapakova S., Paizolla A.* Simulation of urbanization process of Shymkent city. *Vestnik KazGASA*. 2021. No. 1(79). Pp. 332–340. DOI: 10.51488/1680-080X/2021.1-43.

Savin, 2015 – *Savin I.S.* Etnopoliticheskaya situatsiya v Yuzhnom Kazakhstane: opyt etnosotsiologicheskogo monitoringa [Ethnopolitical situation in South Kazakhstan: experience of ethnosociological monitoring]. Алматы, 2015. 124 p. [in Russ.].

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

Мамытова С.Н. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
Ахметжан К.С. ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш. «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B. THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
Toraigyrov Ye.M. TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х. УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
Әуелбеков М.Б., Бахар Х. XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
Черниенко Д.А. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z. SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY	564
Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.).....	576
Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х. О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

Сулейменова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
Молотова Г.М. ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С. ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
Алимбай Н. ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
Бахтыбаев М.М., Қожя М.Б., Сиздиков Б.С. ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
Шашаева М.А. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
Есен С.Ғ. МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
Жетібаев К.М., Қожя М.Б., Әлімбекұлы Ә. ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
Муратбаева А.Б. ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М. ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е. РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
Жүсіпов Р.Б., Нұрышева Г.К. 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е. МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А. КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ.	878
Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б. ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A. THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A. THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
